



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 21/561  
25 мая 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

Рухани жаңғыру

### ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ НЕГІЗДЕРІН ТҮСІНДІРУ АЯСЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Ағымдағы жылдың 18 мамыры күні №1 жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларымен латын әліпбиін кеңінен насихаттау мақсатында кездесу ұйымдастырылып өткізілді.

лықтың жастармен жұмыс жөніндегі инспекторы Болат Әспет «Латын әліпбиіне көшу — тіліміз үшін жасалған игі қадам» атты тақырыпта баяндама оқыды. Сонымен қатар орталықтың психолог маманы Алуа Уалиханова жастар мен жасөспірімдер



Кездесуде «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Ұлан Алмас Алмасұлы ағымдағы жылдың 19 ақпаны күні Елбасының латын әліпбиінің жаңа нұсқасы бекітілуі бойынша қысқаша тоқталып, жастарды латын әліпбиін қолдауға шақырды. Және де орта-

арасында жеке тұлғалық дамыту мақсатында «Мен – концепциясы» және оның құрамдас бөліктері және функциялары атты тақырыпта баяндама оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жастар ресурстық орталығы

### ТІЛ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылы сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жаһандану дәуіріндегі қазақстандық мәдениеттің бүгінгі мен болашағына үлкен мән беріп: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек» - деген еді. Қандай да бір ұлт мәдениетінің түп-тамыры тіл екенін ескерсек, бүгінде біздің қоғамымызда тіл мәселесі кезек күттірмес өзектілігімен айқындалады.

Мемлекеттік тіл – мемлекет тірегі, халқымыздың рухани байлығы, өткені мен болашағы. Тіл - қастерлі де қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға анасындай қымбат. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер - ана тілі. Тіл – тазалықтың, пәктіктің, имандылықтың жаршысы. Тіл – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы.

Ана тілін дамыту үшін әрбір азамат өз ана тілінде таза сөйлеуі тиіс. Себебі, жүйелі тіл жүйелі ойды құрайды. Тіл - қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлім-тәрбиесінің негізі. Тіл - халықтың жаны. Тіл жойылса, халықта жер бетінен жоғалады. Бүгінгі қазақ қоғамындағы тіл мәселесінің басы да өз тілін білмеуден басталады. Тіл мәселесі — қай кезде де, қандай болмасын қоғамдық құрылыс тұсында да тұғырынан түспеген, әлі де түспейтін толғақты тақырыптардың бірі. Өйткені, тіл — ұлт ұғымын анықтайтын алғышарттың айрықшасы әрі асқағы.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі.

Мемлекеттік тілге деген құрмет пен ықылас ұлттық сананың биігіне көтеріліп, жалпыхалықтық мүдде кеңістігіне шығу қажет. Тіл халықаралық байланыста да өзінің мемлекеттік мәртебесін сақтауы үшін жас ұрпақтың жеке тұлғалық қасиеті мен патриоттық сезімін ұштастыра тәрбиелеу – әрбір қазақ азаматының міндеті. Сонда ғана қазақ тілі қоғам өмірінің бар саласында шынайы сұранысқа ие болады.

Қазіргі қазақ тілі – жалпы әлемдік тілдік дамудың биік деңгейінде тұрған дамыған тіл. Ғылыми тарихи жүйеден қарайтын болсақ, біздің тіліміз қазіргі адамзаттың үлкен тілдік арналардың ең бір жетілген саласы болып табылады. Еліміз тәуелсіздік алғалы тіл саясатының арқасында қазіргі таңда қоғамда тіл туралы оң көзқарас қалыптасты. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналды.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорыта келе, Елбасының «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас отты да ойнақы Ана тілің артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқысы болған – оның ғажайып тілі» - деп айтқан көрікті сөзімен аяқтағым келеді.

Тулчиқова А.Ә.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»  
ММ бас маманы

Рухани жаңғыру

### ҚАЛАДА КӨШЕ АТАУЛАРЫ ӨЗГЕРДІ

Еліміз өз тәуелсіздігіне ие болғаннан бергі жылдарда қаламызда да талай жақсы өзгерістер мен жаңалықтарға куә болып келе жатқанымыз қуантады. Алпыс жылдан астам өмір-тарихы бар шағын шаһарымыз кеңес үкіметі тарап кеткеннен соңғы алғашқы жылдары ауыр қиындықтарға душар болғандығын, экономикалық-әлеметтік жағынан қиындықтарға ұшырағанымызды осы қалада тұрып жатқан көбіміз бірге бастан кештік. Тастандының күйін кешкен, еліміздің көзмоншағындай болған Балқаш көлінің жағасында орналасқан жауһар шаһардың жойылып кетпеуіне қала тұрғындары мен еліміздің әр түкпірінен және өзге Республикалардан көшіп келіп, қоныс тепкен қандастарымыз бір кісідей үлес қосты десек, артық айтқандық болмас. Дерлік барлық жағынан жаңарып, жасарған қаламыздың көркі бұрынғыдан да өркендей түсті. Жаңа ғимараттар бой көтеріп, ескі үйлер қайта жаңғыртылды, көшелер жарықтандырылып, жолдар жөнделді және жаңадан төселді. Халықтың игілігі үшін әлеуметтік нысандар жаңадан салынды. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын, ұлттық реңктегі көше атаулары жаңарды. Қала тұрғындарының ұсынысымен және қолдауымен көше атауларының заманға сай және қазақы нақыштағы атаулары облыстық, республикалық ономастикалық комиссияларының қарауына жіберіліп отырды. Бұл шараның ұйымдастырылып, өткерілуіне Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту мұрындық болып, қала тұрғындарымен бірге жұмыс істеді һәм пікірлерін білуге ұмтылды. Соның арқасында осы күнге дейін батыр аталарымыз Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев атындағы және т.б. атаулы көшелер пайда болды.

Өткен жылдың соңына қарай өткен көше атауларын өзгерту бойынша тыңдалымға қала тұрғындары белсене қатысып, қаладағы мәні мен мағынасы жойылған оннан астам көшенің атын жаңғырту туралы ұсыныстар берілген болатын. Аталған жиында тыңдалып, қабылданған аталарды растайтын қаулы жоғарғы деңгейдегі күзиретті орындарға ұсынылды. Үстіміздегі жылдың сәуір айында қала тұрғындарының күткен қуанышты жаңалығы бізге келіп жетті. Осы жаңалықты жерлестерімізбен бөлісіп,

назарларына газет арқылы ұсынуды жөн деп білеміз. Қазақстан Республикасының 2001-жылғы 23-қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару», 1993-жылғы 8-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасы ономастикалық комиссияның 2017-жылғы 27-қарашадағы, Қарағанды облысы әкімінің жанындағы облыстық ономастикалық комиссиясының 2017-жылғы 6-желтоқсандағы және 2018-жылғы 7-ақпандағы қортындысы негізінде «Қарағанды облысының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктері мен елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы» Қарағанды облысы әкімдігі мен Қарағанды облысы мәслихатының 2018-жылғы 29-наурыздағы бірлескен қаулысы және шешімі қабылданып, аймағымыздағы қала және аудандардағы көше атауларын өзгерту мәселесі шешімін тапты. Солардың арасында біздің қаладан 11 көше атаулары өзгертіліп, жаңартылды. Атап айтқанда:

- Береговая – Бастау;
- Весенная – Сарыарқа;
- Озерная – Алаш;
- Лесная – Ынтымақ;
- Строительная – Бірлік;
- Госпитальная – Таңшолпап;
- Комсомольская – Тұмар;
- Полевая – Шұғыла;
- Производственная – Керуен;
- Промышленная – Тұрай;
- Хозяйственная – Қайнар көшелері

болып, жаңа атауға ие болғанын мәлімдейміз.

Ендігі мәселенің төркіні, осынау көшелердің жаңа атауларын қала тұрғындары дұрыс қолданып, жас ұрпаққа мән-мағынасын ұғындыруда, өзіміздің де, балалардың да санасын жаңғыртуда болып табылады. Құлақ үйреніп, санаға сіңіп қалған ескі көше атауларын жалдымыздан шығарып, жаңа әрі ұлттық нақышты дәріптейтін сөзге ауыз үйретуге тырысайық. Салт-санамызды жаңғырту мен оны өмірде қолдану тек өзіміздің қолымызда екенін естен шығармайық, ағайын!

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

### ЦИФРОВИЗАЦИЯ СОЦИАЛЬНО-ТРУДОВОЙ СФЕРЫ ПОВЫСИТ КАЧЕСТВО ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ

О ходе цифровизации трудовой и социальной сферы доложили сегодня на заседании Правительства РК под председательством Премьер-Министра Бакытжана Сагинтаева министры труда и социальной защиты населения М. Абылкасымова, информации и коммуникаций Д.Абаев, сообщает [primeminister.kz](http://primeminister.kz).

«На сегодняшний день уже функционирует Единая информационная система социально-трудовой сферы, которая включает в себя 11 информационных подсистем по всем направлениям деятельности ведомства, таких как труд, занятость, социальное страхование, пенсионное и социальное обеспечение, социальная поддержка, специальные социальные услуги и миграция», - отметила Мадина Абылкасымова.

М. Абылкасымова рассказала о трех масштабных проектах, которые МТСЗН запускает в текущем году в рамках «Цифрового Казах-

стана».

Первый из них — это развитие Единой информационной системы социально-трудовой сферы, главным приоритетом которой станет улучшение качества оказываемых услуг населению.

Второй проект цифровизации социально-трудовой сферы - Электронная биржа труда. Она уже создана и является первым реализованным проектом. Процесс трудоустройства граждан переведен в электронный формат и сформирована крупнейшая база соискателей и вакансий.

Третий большой проект — внедрение системы учета электронных трудовых договоров. Для работников, это упрощение процесса трудоустройства: не нужен сбор документов, автоматически будет формироваться личное дело соискателя. Система учета электронных трудовых договоров будет запущена в промышленную эксплуатацию в 2019 году.



## ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ – ТІЛІМІЗ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ИГІ ҚАДАМ

2018 жылдың 19 ақпаны күні Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев латын әліпбиінің жаңа нұсқасын бекітті. Бұл – тарихи шешім. Ел талқысынан кейін ұсынылып отырған жаңа нұсқа – әлемдік өркениетті елдер қатарынан қалмау үшін жасалған игі қадамдардың бірі.

Тіл қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса, сөз болмайды. Сөз болмаса, адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану – әрқайсымыз үшін парыз. «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттілігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» - деген болатын ҚР Президенті Н. Назарбаев.

«Мәңгілік ел» болып қалыптасу – жарқын болашаққа бастар жол болса, латын әліпбиіне

көшу – уақыт талабы. Азияның кіндігінен ойып тұрып орын тепкен, бүгінде бірнеше елдермен бәсекелестік орнатып, терезесі тең тұрған, 18 миллион халқы бар бүтіндей бір мемлекетті бір ғасыр бойы қолданып келген «кирилл» қарпінен латын әліпбиіне көшіру – бір айда немесе бір жылда жүзеге аса салатын оңай іс емес. Мұндай үлкен жобаны іске асыру үшін біршама уақыт пен еңбектің қажет екендігі белгілі.

Қазақ тілі – халқымыздың тарихымен ұштасып, тірлігімен тыныстап жатқан тіл. Тілдің құндылығы тереңде жатыр. Ол қоғам рухын, мәдениеті мен ұлттық қодын білдіреді. Қазақ тілінің латын графикасына көшу мәселесі ұлтты дамытудың объективті факторы. Латын – әлем өркениеті мен техникалық прогрестің әліпбиі. Көптеген ғалымдардың пікірін ескеретін болсақ, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды. Себебі, біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық – тіл ауыспай, таңбаның ауысуы. Екіншіден, қарапайым тілмен жеткізсек, сөзді

немесе дыбысты қалай естісек, жазылуын да солай жазамыз.

Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор. Латын әліпбиіне көшу туралы айтатын болсақ, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек. Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін өкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздің дыбыстық жүйелерін нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан бұл біз үшін, болашақ еліміз үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Біздің бейбіт және көпұлтты елімізде

Рухани жаңғыру – латын әліпбиіне көшу

мемлекеттік тілді өркендету үшін латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғырудың көрінісі болмақ. Сол арқылы бабалар мұрасын сақтап, дамыған отыз елдің қатарына ену үшін жаңа көкжиекке жол ашамыз. Тіл адам санасына бағыт береді, оның өмірлік тәжірибесін қалыптастырады. «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникациялық, сондай-ақ, 21 ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», – деп Елбасы айтқандай, латын әліпбиіне көшу әлемдік ғылымның, инновациялық және ғылыми-техникалық прогрестің игілігін еркін менгеруге ықпал ететін болады.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпіз.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

### ОТЗЫВЫ К ПОСЛАНИЮ \*\*\* ОТЗЫВЫ К ПОСЛАНИЮ \*\*\* ОТЗЫВЫ К ПОСЛАНИЮ



#### СОВРЕМЕННОМУ КАЗАХСТАНУ - СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Ежегодное Послание Президента Республики Казахстан – это одно из ключевых событий для нашей страны, так как в нём Глава государства традиционно обозначает основные векторы развития нашего общества.

Нурсултан Абишевич отмечает, что несмотря на успехи, государство не должно останавливаться на достигнутом, оно должно всегда находиться в поиске новых возможностей развития.

Перечисляя десять основных задач, стоящих перед Казахстаном, Президент делает особый упор на активное внедрение современных технологий во все сферы жизни казахстанского общества – промышленности, финансы, образование и другое.

Таким образом, в Послании Президента поставлены конкретные задачи и предложены актуальные пути их решения, которые четко продуманы, выверены временем и заставляют задуматься каждого жителя страны.

Смагулов А.Ж., магистр, МНС Института истории государства КН МОН РК

\*\*\*

#### ОБРАЗОВАНИЕ - ОСНОВА ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА

В программной статье Главы госу-

дарства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" в качестве четвертого приоритета определено улучшение качества человеческого капитала. И особая роль в этом процессе отводится системе образования.

«Образование должно стать центральным звеном новой модели экономического роста. Учебные программы необходимо нацелить на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации». Помимо этого «...нужно уделить большое внимание формированию ИТ-знаний, финансовой грамотности и воспитанию патриотизма молодежи. Необходимо сократить разрыв в качестве образования между городскими и сельскими школами». Школа является отправным пунктом улучшения жизни казахстанцев, именно в ее стенах приобретаются человеком жизненно важные качества, такие как уважение к старшим, почитание традиций и

обычаев своего народа. С целью недопущения роста прекаризации общества в этом году запускается реализация программы «Бесплатное профессионально-техническое образование для всех». Эта программа охватит безработную и самозанятую молодежь, а также людей трудоспособного возраста, не имеющих профессионального образования. Системы профессионального образования покроет спрос на квалифицированную рабочую силу. Наряду с этим особое внимание отводится качеству системы высшего образования. Повышение качества кадрового состава высших учебных заведений, уровня их материально-технического обеспечения и образовательных программ влияет на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста.

Бейсенова Айгуль, заведующая кафедрой политологии и социологии КарГУ им. Е.А. Букетова

### ҚР Н.Ә.Назарбаевтың “ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ” атты Қазақстан халқына Жолдау



### Президенттің 5 әлеуметтік БАСТАМАСЫ

«Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту»

ҮШІНШІ БАСТАМА БОЙЫНША:

Қазір еліміздің **ЖОО-ларында 530** мыңнан астам жас оқып жатыр.

Олардың **204** мыңы басқа қалалардан келгендер.

Бұл барлық студенттердің **38%** құрайды.


ҚР БҒМ-ның алдын-ала жасалған есептеулері бойынша: жатақханалар салуға шамамен **118** миллиард теңге бөлінеді деп жоспарлануда

Келесі жылы **100** миллион теңге бөліне,

2022-2026 жылдары **15** миллиард теңгеден бөлінетін болады.

### Послание Президента РК Н.А.Назарбаеванароду Казахстана “КАЗАХСТАН В НОВОЙ ГЛОБАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ: РОСТ, РЕФОРМЫ, РАЗВИТИЕ”

#### 5 СОЦИАЛЬНЫХ ИНИЦИАТИВ ПРЕЗИДЕНТА РК



ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ЖАЙЫЛЫМ АЙНАЛЫМДАРЫНЫҢ СХЕМАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Приозерск қаласы бойынша геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Д.Ш.Сәденовке жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Приозерск қаласының әкімі

Қ. Камзин

**ОБ УТВЕРЖДЕНИИ СХЕМЫ ПАСТБИЩЕОБОРОТОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК**



В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» от 23 января 2001 года, Законом Республики Казахстан от 20 февраля 2017 года «О пастбищах», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить схему пастбищеоборотов на основании геоботанического обследования пастбищ по городу Приозерск согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Саденова Д.Ш.
3. Постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Аким города Приозерск

К. Камзин

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАЙЫЛЫМ АЙНАЛЫМДАРЫНЫҢ СХЕМАСЫ СХЕМА ПАСТБИЩЕОБОРОТОВ ПО ГОРОДУ ПРИОЗЕРСК**



Условные обозначения:  
 Пример записи: XV 6(100) 11-2,9  
 где, в числителе: XV - шифр окраски;  
 6 - номер типа;  
 1/100 - процентное содержание;  
 в знаменателе: 11 - номер контура;  
 2,9 - урожайность, ц/га;

- 1, 3, 6 - маусымдық жайылым алаңдары
- 2, 4, 5 - келешектегі жайылым алаңдары
- 1, 3, 6 - поля периодического выпаса
- 2, 4, 5 - поля последующего выпаса

**ГЕОБОТАНИЧЕСКАЯ КАРТА КОРМОВЫХ УГОДИЙ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**  
 масштаб 1:50 000

- Шартты белгілер**
- Жайылымдардың сыртқы шекаралары
  - 1 - алаңдар нөмірлері
- Условные обозначение**
- внешние границы пастбище
  - 1 - номер поля

Зам. директора	А. Балабеков	ГЕОБОТАНИЧЕСКОЕ ИЗЫСКАНИЯ						
Рук. отдела	Б. Атагалдиев							
Специалист	А. Есетов							
		Карагандинская область, город Приозерск						
		Геоботаническая карта кормовых угодий						
		<table border="1"> <tr> <td>Страна</td> <td>Лист/Листов</td> <td>Масштаб</td> </tr> <tr> <td>КЗ</td> <td>1/1</td> <td>1:50 000</td> </tr> </table>	Страна	Лист/Листов	Масштаб	КЗ	1/1	1:50 000
Страна	Лист/Листов	Масштаб						
КЗ	1/1	1:50 000						
		2018г.						

**АРХИВ – ТАРИХ АЙНАСЫ**

Архив – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекеттік арнаулы мекеме. Мекемелердің ескі құжаттарын сақтайтын бөлімі немесе жеке тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты жәдігерлер жиынтығы да архив делінеді. Мемлекетіміз тәуелсіздігін алғалы бері ел тарихында елеулі өзгерістер мен жаңарулардың куәсі болып келе жатқанымыз анық. Жас қадамын басқан ел үшін салт-дәстүрінің атадан қалған асыл мұраларын келер ұрпаққа аманат ету, жалпы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, сақтау және барша халық игілігіне пайдалану басты мақсатымызға айналғанына еш күмән жоқ. Сан ғасырлық тарихы бар халқымыздың басынан өткен небір аласапыран-ранның өзі құнды жәдігерлеріміздің бүгінгі күнге жетуіне кедергі бола алмағаны айқын. Сол құндылықтарымызды сақтап, тиісінше халық мүддесіне пайдалануды жүзеге асыру бүгінгі күні архивтердің несібесінде. Осыған орай мемлекетіміз 1998-жылы 22-желтоқсанда «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңын айшықтаған болатын. Осы Заң Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құжаттарын қалыптастыру, сақтау мен пайдалану және Қазақстан Республикасындағы архив ісін мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге негізделген. Ал, Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және оны Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі ретінде мемлекет қорғайды. Сырға толы қазақ даласының тарихи деректерін сақтау, оны келер ұрпақ еншісіне табыстау уақыт пен заң талабы. Еліміздегі архивтер төл заң аясында атқарылатын барлық қызметтерін айқындаған және мемлекет пен

азаматтарға мүддесін абыроймен атқарып келеді. Ұлттық архив ұлт мұрасының алтын ордасы, төл тарихымыздың алып дінгегі екені баршаға аян. Кең байтақ еліміздің әр даласының, әрбір қаласының өшпес тарихы бар. Соны жинақтау, сақтау және қорғау әрбір архившінің борышына айналғаны сөзсіз. Белгілі бір мекенжайда қызмет етіп, өмірін өткізген әрбір азамат болашақта өзінің өткен өмірі мен қызметі жайлы деректі жергілікті мемлекеттік архивтен ғана табатыны анық. Ол үшін бізге сұраныс беріп, құжаттың немесе деректің жыл ұзақтығына қарай, сақталу мерзімі мен маңызына орай біздің архив қызметкері дер кезінде тұлғаның өтінішін қанағаттандырып отырады. Дегенмен, кейбір заңды тұлғалар бізге сұраныс жасағанда өз тарапынан тым асығыс, ұшқары талаптар қойып жататыны жасырын емес. Мысалы, сұратылған құжатты не деректі 1-2 күн мерзімде бітіріп беруді талап еткен секілді шарт қояды. Бұндай шарт қою немесе өз тарапынан мерзім белгілеп талап ету біздің заң талаптарына мүлдем қайшы келетінін ескерткіміз келеді. Мемлекеттік архивтің де өзіндік заңдары, қағидалары, ережелері мен шарттары бар. Осы мәселеге орай заңды тұлғалар өкілдері мен азаматтардың өтінімдерін қарау бойынша қысқаша түсіндіріп кетуді жөн санадық. Атап айтқанда, «Жеке және заңды тұлғалардың өтінімін қарау тәртібі туралы» ҚР Заңының 8-бабына сәйкес түсіндіру маз-мұнындағы жауаптар, өтініш түскен күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде қаралатын болса, өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін жеке және заңды тұлғаның өтініші, өтініш келіп түскеннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде

*Тарихи-мәдени мұраның ажырамас бөлігі*



Өткен күн, КЕШЕ,- тарих  
 Келер күн, ЕРТЕН,- сыр  
 Ал бүгінгі күн-үлкен сый

Қорқыт ата

қаралады.

Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайда қарау мерзімі ұйым басшысы немесе оның орынбасарының қарауымен күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушіге хабарланады.

Сұраныс ұйымның құзыретіне кірмей-тін жағдайда түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сәйкес субъектіге, өтініш барушіге хабарлана отырып жолданады.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша арыздар тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Сұраныстар түскен күн бірінші күн (соған сәйкес келесі күн екінші күн) болып есептелінеді.

Сұранысқа жауаптар ұйым басшысының

немесе оның орынбасарының қол қоюымен рәсімделеді.

Сұранысқа жауаптар қай тілде түссе, сол тілде әзірленеді. Өтініш екі тілде (қазақ тілінде, орыс тілінде) түскен жағдайда жауап та екі тілде беріледі.

Қорыта айтқанда, Приозерск қаласының мемлекеттік архивіне келіп түскен өтініштердің ешбірі осы күнге дейін жауапсыз да, қараусыз да қалған емес, КСРО кезінен сақталған құжаттар бойынша ТМД елдерінің барлық түкпірінен келіп жататын хаттар мен сұраныстардың бәріне уақытылы жауап беріп келеміз.

**Ж.К.КЕНЕСОВ,**  
*«Приозерск қаласының мемлекеттік архиві» КММ-нің басшысы*



## Шағын және орта бизнесті қолдау

## Поддержка малого и среднего бизнеса

### БИЗНЕС АШУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӨРТ ПРОЦЕДУРАНЫ БІР МЕЗГІЛДЕ ТІРКЕУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ

Электронды үкіметтің [www.egov.kz](http://www.egov.kz) порталында шағын және орта бизнес субъектілеріне кәсіпорынды тіркеген кезде бір мезгілде ҚҚС есебіне түру, банктік шот ашу және қызметкерді жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру келісімшартын жасауға мүмкіндік беретін мемлекеттік қызмет жұмыс жасайды.

Бүгінгі таңда бұл қызметке екінші деңгейлі төрт банк «ForteBank», «Цеснабанк», «Халық Банкі» және «Альфа-Банк», сондай-ақ екі сақтандыру компаниясы - «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру бойынша компания» АҚ және «Азия Life» өмірді сақтандыру бойынша компания» АҚ қосылған.

Қазіргі уақытта қосымша 9 банк пен 4 сақтандыру компаниясын қосу жұмыстары

жүргізілуде.

Осылайша бизнесті осындай форматта электронды тіркеу шығындарды оңтайландырып, процедуралар мен мерзімдерді айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді.

Бұрын кәсіпкер ең алдымен заңды тұлғаны тіркеуі, шот ашу үшін банкке тіркегені туралы анықтаманы апаруы, кейін ҚҚС бойынша есепке қою үшін мемлекеттік кірістер органына, сондай-ақ қызметкерді міндетті сақтандыру келісімшартын жасау үшін сақтандыру компаниясына баруы тиіс болған.

**Б.Наумагамбетов,**  
Приозерск қаласы  
Әділет басқармасының  
басшысы

### ГОСУДАРСТВЕННАЯ УСЛУГА ПО ОДНОВРЕМЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ ЧЕТЫРЕХ ПРОЦЕДУР, СВЯЗАННЫХ С ОТКРЫТИЕМ БИЗНЕСА

На портале электронного правительства [www.egov.kz](http://www.egov.kz) действует государственная услуга, позволяющая субъектам малого и среднего бизнеса при регистрации предприятия одновременно встать на учет НДС, открыть банковский счет и заключить договор обязательного страхования работника от несчастных случаев.

На сегодняшний день к данной услуге подключены четыре банка второго уровня - АО «ForteBank», «Цеснабанк», «Народный банк» и «Альфа-Банк», а также две страховые компании - АО «Компания по страхованию жизни «Государственная аннуитетная компания» и «Компания по страхованию жизни «Азия Life».

В настоящее время ведется работа по

подключению дополнительно 9 банков и 4 страховых компаний.

Таким образом, электронная регистрация бизнеса в таком формате позволила оптимизировать расходы и значительно сократить процедуры и сроки.

Ранее предприниматель должен был сначала зарегистрировать юридическое лицо, чтобы открыть счет предъявить в банк справку о регистрации, затем идти в органы государственных доходов для постановки на учет по НДС, а также в страховую компанию для заключения договора обязательного страхования работников.

**Наумагамбетов Б.,**  
руководитель  
Управление юстиции г.Приозерск

## О качестве проводимых оценок

### ОЦЕНОЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В РК - ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

Формирование отечественной оценочной деятельности было заложено в начале 90-х годов с переходом Казахстана к рыночной экономике. За период становления оценочной деятельности в Казахстане был пройден нелегкий путь от появления и официального признания профессии «оценщик» на отечественном рынке труда до формирования на государственном уровне системы оценки стоимости имущества.

По своей сути, оценочная деятельность способствует формированию рыночной конкурентной среды и реализации инвестиционных проектов, и одной из ее немаловажных функций является обеспечение информационной базы для принятия управленческих решений. Результаты независимой оценки являются основанием для формирования налогооблагаемой базы, а также для определения цены торговых сделок с имуществом и иных операций с материальными и нематериальными активами. Таким образом, установление справедливой рыночной стоимости посредством осуществления оценочной деятельности играет важную роль в развитии рыночной экономики.

**В настоящее время были выявлены проблемы относительно качества проводимой оценки.** К примеру, в ходе выборочных проверок был обнаружен факт существования различия в стоимости одного и того же объекта, оцененного практически в одно и то же время разными оценщиками, которое могло достигать в два и более раза. Основной причиной таким результатам послужил низкий уровень квалификации оценщиков. Выдача лицензий лишь на основании документов об образовании без должной проверки квалификации претендентов привело к резкому увеличению на рынке неквалифицированных оценщиков. Кроме того, в процессе осуществления оценки стоимости какого-либо объекта оценщики при отсутствии необходимых свежих данных, актуальных на момент проведения оценки, прибегали к использованию устаревших справочников, выпущенных в 1969 году, так как принять в то время правила оценки не предусматривали запрет на их использование. В итоге, вышеописанные факты привели к существенному снижению качества оценочных услуг и, вследствие чего, к потере доверия к оценщикам со стороны потребителей. В связи с данными проблемами появилась необходимость в некоторых поправках и дополнениях в Закон РК и других нормативных правовых актах, регулирующих оценочную деятельность.

Таким образом, с принятием Закона Республики Казахстан от 9 ноября 2009 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам оценочной деятельности», был сделан первый шаг к саморегулированию оценочной деятельности. Согласно данным дополнениям была создана некоммерческая самофинансируемая организация «Палата оценщиков», относительно которой были установлены следующие обязательные требования к оценщикам:

- в Палату оценщиков в обязательном

порядке должны вступить как работники юридического лица, имеющие лицензию, так и само юридическое лицо;

- юридическое лицо и его работники оценщики могут вступать в Палаты разных регионов;

- оценщик может вступить только в одну Палату.

Более половины от общего числа Палат оценщиков, зарегистрированных на территории Республики Казахстан, объединяются в единую Республиканскую Палату оценщиков.

Необходимо также отметить, что в соответствии с Законом, оценщик несет ответственность за составление недостоверного отчета, что влечет за собой наложение штрафа, а за повторное совершенные в течение года нарушения увеличенные размеры штрафа и лишение лицензии.

Помимо этого, немаловажным требованием, закрепленным в Законе, является сдача квалификационного экзамена физическими лицами, претендующими на право занятия оценочной деятельностью. Экзамен принимает квалификационная комиссия, в состав которой входит нечетное число членов, не менее пяти человек. В обязательном порядке в состав квалификационной комиссии включаются представители палат оценщиков, численность которых должна составлять не менее одной второй от общей численности состава комиссии. К экзамену допускаются лица, имеющие высшее образование по специальности «оценка» и (или) высшее техническое или экономическое образование. Таким образом, специалисту чтобы получить лицензию необходимо доказать наличие соответствующего уровня знаний в области оценочной деятельности.

Наряду с вышеперечисленными нововведениями, была разработана Концепция развития оценочной деятельности в РК, целью которой является изложение основ государственной политики в области развития оценочной деятельности на современном этапе.

На сегодняшний момент, несмотря на все меры, принятые государством на законодательном уровне, можно выявить ряд проблем, являющихся препятствием к дальнейшему развитию рынка оценочных услуг. Рассмотрим их подробнее.

И в последнюю очередь, хотели бы отметить, что определяющим фактором в решении всех проблем является роль самих оценщиков. Конечно, следуя Закону, оценщик может просто вступить в Палату и без всякого участия в обсуждении вопросов, выполнять правила и стандарты, установленные решением руководителей Палат. Но все же, по нашему мнению, пассивная позиция со стороны оценщика приведет к перекосам в сообществе, поэтому необходимо активно участвовать в разработке устанавливаемых правил, предлагать свое решение актуальных проблем, и это, на наш взгляд, сыграет немаловажную роль в развитии оценочной деятельности в Казахстане.

Управление юстиции  
города Приозерск

## Защита прав собственников

### ОСОБЕННОСТИ РЕГИСТРАЦИИ ПРАВ НА НЕДВИЖИМОЕ ИМУЩЕСТВО

В настоящее время в Казахстане расширилась сфера имущественных отношений, особенно в части перехода прав на недвижимое имущество. Одним из способов защиты прав собственников недвижимости признается государственная регистрация. Государственная регистрация является элементом частного-правового регулирования отношений, связанных с недвижимостью. Основным новшеством в сфере регистрации прав на недвижимое имущество явилось установление порядка регистрации в электронном виде.

Одним из способов защиты прав собственников (владельцев) недвижимости, а также лиц, имеющих намерение заключить какие-либо сделки с недвижимым имуществом, признается государственная регистрация, являющаяся элементом частного-правового регулирования отношений, связанных с недвижимостью. В настоящее время в Казахстане связи с проведением преобразований, направленных на становление рыночной экономики, значительно расширилась сфера имущественных отношений, и особенно в части перехода прав на недвижимое имущество. Происходящие в социально-экономической сфере изменения обусловили необходимость совершенствования механизма, обеспечивающего соблюдение, прав и законных интересов участников гражданского оборота.

**Учитывая большое значение объектов недвижимости в жизни и деятельности граждан и юридических лиц, а также в гражданском обороте, закон закрепил ее специальный правовой режим.** Он заключается в том, что право собственности, другие вещные права на недвижимость, их ограничения, возникновение, переход и прекращение подлежат в обязательном порядке государственной регистрации в Едином государственном реестре учреждений юстиции. Должны быть зарегистрированы: право собственности, право хозяйственного ведения, право оперативного управления, право пожизненного наследуемого владения, право постоянного пользования, ипотека, сервитуты.

Согласно ГК РК, сделки, подлежащие в соответствии с законодательными актами государственной или иной регистрации, считаются совершенными после их регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами. Государственную регистрацию прав на недвижимое имущество и сделок с ним осуществляют Министерство юстиции Республики Казахстан и подведомственные органы юстиции государственные предприятия.

Государственная регистрация прав на недвижимое имущество – юридический акт признания и подтверждения государством

возникновения, ограничения (обременения), перехода или прекращения прав на недвижимое имущество в соответствии с Гражданским законодательством. Государственная регистрация является единственным доказательством существования зарегистрированного права. Зарегистрированное право на



недвижимое имущество может быть оспорено только в судебном порядке.

Государственная регистрация прав осуществляется по месту нахождения недвижимого имущества в пределах регистрационного округа. Отказ в государственной регистрации прав либо уклонение соответствующего органа от государственной регистрации могут быть обжалованы заинтересованными лицами в суд.

Согласно Закону РК «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество» государственная регистрация прав на недвижимое имущество является обязательной. Государственной регистрации подлежат права собственности и другие вещные права на недвижимое имущество и сделки с ним, за исключением прав на воздушные и морские суда, суда внутреннего плавания и космические объекты. Наряду с государственной регистрацией вещных прав на недвижимое имущество подлежат государственной регистрации ограничения (обременения) прав на него, в том числе сервитут, ипотека, доверительное управление, аренда. Обязательной государственной регистрации подлежат права на недвижимое имущество.

К объектам недвижимости относятся земельные участки, здания, строения, сооружения, жилые и нежилые помещения, многолетние насаждения и иное имущество, прочно связанное с землей, то есть объекты, перемещение которых без несоразмерного ущерба их назначению невозможно. Объектом недвижимости признается также предприятие как имущественный комплекс со всеми входящими в его состав видами имущества, предназначенными для его деятельности.

Управление юстиции  
города Приозерск



# МӘРТ БОЛСАҢ ЖИЕНДІК ЖАСА

Дәстүр-қазына

Қазақ – ата-баба салтын ұмытпай, әрдайым құрметтеп, қал-қадерінше сақтап келе жатқан халық болса да, кейбір жөн-жоралғылардың ұмытыла бастағанын немесе дұрыс қолданбайтынмыз шындық. Қазақ соның ішінде ағайын-тума арасындағы бауырмалдықты қастерлеп, нағашы-жиенді, бөлені әрқашан қадір тұтқан, олармен берік қарым-қатынас жасап, сыйласа білген. Тіршілік ғұмырда болып жатқан ойын-тойларда, қайғы-қасіретте ең алдымен бауырларға арқа сүйеген. Осындай жерде «нағашысы жақсы екен, жиені қандай, бөлесі бардың жан-жағы аман» деген секілді әңгіме айтылып жататыны хақ. Той-думанда осылар жан сала атқаруға белсене кірісетіні анық. Әсіресе, жақыны дүниеден өткенде сол үйдің бала-шағасына басу айтып, көңілін білдіріп, оларды жұбататын да осы тумалары. Бұл өз ретінде оларды жанашырлығының, қайғы ортақ екендігінің нышаны. Қазақ нағашының рөлі бәрінен жоғары тұрады. Оны жиендері құрмет тұтып, алдынан кесе өтпей, төрге оздырып, туысынан да артық құрмет көрсетеді. Нағашы мен жиен арасында эзіл-қалжың да жүретіні бар. Кейде нағашыға базыналық жасап, жиендік жасайтын кездері де кездеседі. Мұндайда нағашысы оған кешірімшіл болып, оның назын орындауға ұмтылады. Сондықтан да қазақ «Бір нағашың – жеті атаға татиды» деп орынды бағасын берген. Нағашы жұрт сыншыл келеді хәм жиендерінің жақсылығына шын қуанып, қатты қайғырады.

Жиен – апа-қарындастан немесе қыздан туған туғаны. «Жиеннен ел болмас» деп сынап-мінеп жатқанымен, жүрегі таза және көңілі кең, ниеті адал жұртына жиендер еркелей де, эзіл-қалжың айтып, базына да жасай алады. «Жиенге өкпе жүрмейді» деп ата-әжеміз айтып отыратын сөздің астары тереңде жатыр. Қазақ халқының салт-дәстүрінің ішінде «жиендік жасау» әдегі атамзаманнан бері келе жатқанымен, қазіргі таңда осы дәстүрдің мәнін дұрыс түсінбейтін халге жеттік. Сөз орайы келгенде аталмыш дәстүрге өзіміз есітіп-білген әңгімеге сүйене отырып түсінік бере кетуді жөн санадым.

Нағашы жұртының жақсы көрген, болашағынан көп үміт күткен жиеніне бәсіре ретінде малдан сый жасап отырған. Қазақ жігіт үшін ең қадірлі мал жылқы саналса, қыздарға түйені лайық көрген. Осыған орай жігіт және қыз жиендер нағашылары өздері біліп бәсіре

жасамаса, нағашыда бар асыл тұқымды, көңілдері қалаған малдардан біріне жиендік жасайтындыр білдірген. Бұндай рәсім көбіне нағашы жұртының қуанышында, той-томалағында, ұзақ күткен перзенттері дүниеге келгенде, яғни ұрымтал тұста, көпшіліктің алдында жиендік жасайтынын білдіріп, қалауын айтқан. «Жиен назары қатты» деп сенетін нағашысы мал-дүниесі қанша қимасы болса да жиеннің

адамдардың алды қызыңқырап қалыпты. Су жана «Уралды» қорабына жианап, от алдырып, сықылдатып қойыпты. Ол кезде мұдай мотоциклге кез-келгеннің қолы жете бермейтін. Қызығып, қалайды оны мінгім келіп барады. Келісімізбен ішіп алған бірер жүз граммның да әсері бар, жиендік жасау реті келгендей, осы жолы бұны мінгіп кетпесем дүниеден құр қалатындай күйдемің. Ақырында



айтқанын істеуге мәжбүр болған. Яғни, жиендік рәсімі орындалған. Осы жерде әңгімеге тұзды ретінде Тамдың «Аяққұдық» ауылында тұрған Сейтқали (Қали) Рабековтен естіген, біз әңгімелеп отырған жайға тікелей қатысы бар төмендегі оқиғаны баяндайын.

–Лігеріректе көрші ауылда тұратын, озат шопан болған туған нағашым қой қоздату науқанының қортындысы бойынша жеңімпаз атанып, аудандық атқару комитетінен «Урал» мотоциклін сыйлыққа бергенін есітіп қалдым. Жалындап тұрған жастық шағымыз ғой, қуанышты хабарды ести сала, салып-ұрып нағашымның ауылына өне-міне дегенше жетіп бардым. Қасымада жора-жолдастарым бар. Сыйлық көлікті жуу үшін қазан асылып,

өз ойымды іске асыруға шындап бел будым да, нағашыма қарап «кілтті беріңізші» дедім. Ол кісі ұстата салды. Аттай тулаған жүрек дүрсіліне мотор үнін қосып, көлікті зулатқан күйі әудем жерді айналып, бір ойым ауылға қарай тартып кет деп, бір ойым нағашыңна базыналық жаса деген дудәмал сезімде болғаным әлі есімде. «Әке-шешем не дейді» деген қорқынышым да жоқ емес. Дегемен, алған тәрбием жеңіп, көпшілік жиылған жердегі ортада тұрған нағашымның дәл қасына келіп тоқтасам да, көлікті өшірмей, оған қадалып қарап қалыппын. Айналадағы жұрт кеу-кеулесіп, «Ау, мынау балаға жараса қалыпты, жиендік қылып мінгіп кетсе одан жарасар жарасады екен!» десіп делебемді одан

әрі қоздыра түсті. Сосым белді будым да: «Таға, бұны мен жиендікке мінгіп кетсем не істейсіз, онсыз да Сізге дүние жетеді, әрі бұл теген келген зат қой» деп ойыма келгенді айтып салдым. Нағашымның түсі өзгерместен: «Қалауың сол боса, мінгіп кет, жиенім!» деп салды. Жұрттың бәрі алақан соғып, қошемет көрсетіп жатыр. Көптің арасынан бір үлкен кісі тұрып: «Әй, бала, қазаққа «Мәрт болсаң жиендік қыл» деген сөз бар, қарымтасы болуы тиіс екенін ұмытпа» деп салды. Бұл сөздің мәніне назар аудармастан, жолдастарымды мінгізіп алған бойда ауылға қарай тартып кеттім.

Кекілімнен жел есіп, кеудені керген күйі үйімнің қасына бір-ақ тоқтағанда, шешем түйе сауып, қора жақта жүр екен. Әкем жұмыста болатын. Жаулығын түзей тартып, қасыма келген шешеме асыға-апыға болған жағдайды айтып, қуанышымды жасыра алмай сөйлеп жатырмын... Шешем үн қаптастан үйге кіріп кетті де, біраздан соң ақ салы орамалға түйілген қомақты зат алып шығып, қасыма таяды да: «Балам, нағашың мінгізіпті, сен алыпсың. Құтты болсын! Енді осы күйінде бұны алған жеріне апарып беріп, рахметінді айтып қайт. Қалғанын кейін түсінесің. Әкеңе ештеңе деме. Ал, жөнел! Мынаны бере салуды ұмытпа» деп қолындағы түйіншекті қорапқа тастай салды. Бір ауыз сөзге келмей, тартып кеттім. Мотоцикл мен түйіншекті нағашыма табыстадым. Шешем осылай істе дегеніме нағашым да ештеңе демей, үйіне кіргізіп тамақтандырып, сосын баласы апарып тастады. Кешкілік шешем жиендік жасаған адам сол алған затына тең келетін, тіпті артығымен сый жасау керектігін, бұның бұрыннан келе жатқан қазақтың дәстүрлі жолы екенін, «Жиендікті мәрт болсаң жаса» деген сөздің мәнін тәптіштеп түсіндіріп берді. «Алмақтың – салмағы бар» деген мәтел осыдан шықса керек.

Қазіргі таңда жиендік жасауды қызыққан бір затын нағашыдан сұрап немесе ұрлап алып кете салу деп ойлайтындар бар. Бұның өзі атабабадан келе жатқан дәстүр мен жөн-жоралғыны білмеудің, бұл жайлы кең ортада және жастарға айтылып отырмаудың салдары деп ойлаймын. Атадан қалған салт-дәстүрді ардақтайық, оның құнын жоймай, орынды пайдаланайық, білгенімізді жас ұрпақтың құлағына сіңдіре жүрейік дегім келеді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ, журналист-ақын

## МІНДЕТ! АБЫРОЙ! ЕРЛІК!

Қаламыздағы орналасқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскер-леріне қарасты 06708 әскери бөлімінің аумағында «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесінің жоғарғы сынып оқушыларының жиыны болып өтті. Аталмыш жиынның мақсаты әскер жасына дейінгі және әскер жасындағы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке баулу болған-дықтан, әскери бөлім басшылығының тарапынан әскери өмірді көзбен көруге келген оқушылар үшін қолдағы бар мүмкіндік іс жүзінде жүзеге асырылды.

Әскери киімдегі мектеп оқушыларын



бөлімнің бақылау-өткізу бекетінің Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Жасұлан Жақыповтың өзі қарсы алды алды. Әскери шендегі басшы Жасұлан Қайыргелдіұлы жиынға жиналған отаншыл сезімдегі оқушыларға сөттілік тіледі.

Білім ошағының алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Е.Е.Өмірзақов бастап келген жоғарғы сынып оқушылары ең бірінші кезекте әскери бөлімнің аумағын аралап, әскери қызметшілердің күнделікті тыныс-тіршілігімен танысты.

Далалық әскери оқу-жаттығуы жиынына

қатысушы оқушылар әскери бөлімнің саптық алаңында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғыларына сөйкес, сапта жүру әдістерімен танысты. Саптық дайындығының сабағын жүргізген 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшісі кіші сержант М.А.Құрманов сабақ барысында оқушыларды сап түзеп жүруге бейімдеп, оларға саптық адымдағы жүріспен әскери-патриоттық әндерді шырқап айтуды да үйретті.

Келесі кезектегі радиациялық, химиялық және бактарелогиялық қауіптерден қорғану сабағының тізгінін ұстаған 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшісі аға сержант О.Ж. Асенов жас жеткіншектерге қолдағы бар құрал-жабдықтарымен жоғарыда аталған қауіптерден сақтанудың түрлі жолдарын көрсетті. Әсіресе, оқушылардың ерекше қызығушылық танытқаны химиялық улы зиянкестерден сақтанудағы арнайы сыртқы күртешені белгіленген тәртіптегі киіп алуы мен шешіп тастауы болды. Аталмыш арнайы сыртқы күртешенің тиімділігі сол, оқушыларға оны киіп алу мен шешіп тастаудың алуан түрі көрсетілді.

Жиын барысында әскер жасына дейінгі және әскер жасының орта буын өкілдері сабаздар жатақханасына ат басын тіреп, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге келген сарбаздардың күнделікті тыныс-тіршілігіне көз жүгіртті. Сонымен қатар, оқушылар сарбаздардың асханасының табалдырығын аттап, олардың қандай тағам түрлерімен тамақтанатындықтарына көз жеткізді.

Одан өрі оқушыларға күнделікті өмірдегі адамға пайдасы зор алғашқы медициналық көмек көрсету сабағы өткізілді.

Бұл сабақты осы әскери бөлімге қарасты медициналық ротаның командирі аға лейтенант Қуандық Мұстафиновтың өзі басқарып жүргізді. Әскери шендегі лауазымды офицер



Қуандық Болатұлы мектеп оқушыларына кез келген жарақаттың оңай болмасын жеткізіп, жеткіншектерге алғашқы медициналық көмектің бірнеше түрін іс жүзінде көрсетіп берді.

Балғын сезімдегі оқушылардың басты арманы – нағыз қару-жарақтың өзін көзбен көріп, қолмен ұстап көру болатын. Жас жеткіншектердің асқақ армандары осы жиын барысында орындалды десек те болады. Әскери ортаға кеңінен танымал Калашников автоматпен таныстыруға арналған сабақты өткізуді өз жауапкершілігіне алған 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшісі 3-ші сыныпты сержант Оңғар Қариев ең әуелі жиналған оқушыларға аталған қару түрінің қырсырын жеткізді. Қару жарақтың әрбір тетігінің өзіндік атқаратын қызметі жеткізілді. Сабақ кезінде әрбір оқушы тақта алдына шығып, Калашников автоматпен қолмен ұстап көрді. Сонымен бірге осы қару түрін әр тетігі бойынша бұзу мен жинау әдістеріне оқушылардың өздері де атсалысты. Дәл осы сабақта аса қызығушылық танытқан жас жеткіншектердің сабақты басқарған әскери қызметшіні өздерін мазалаған сұрақтармен жаудырғаны анық байқалды.

Жиынның соңғы күнінде әскери бөлім аумағындағы арнайы дайындалған ұрысқымылдарына дайындық жүргізудің тактикалық алаңында оқушыларға граната лақтырудың әдістері көрсетілді.

## Әскери өмірмен танысу

Ертеңгі күні мектепті тәмамдап, үлкен өмірге қанат қағуға талпынған әскер жасына дейінгі және әскер жасындағы жас жеткіншектердің 06708 әскери бөлімінің аумағында ұйымдастырылып өткізілген далалық әскери оқу-жаттығуы жиынынан алған әсері мол болды. Өйткені, аз күннің ішінде оқушылар әскери өмірдің қырсырымен танысып, келешекте нағыз отаншыл сезімдегі Отан қорғаушы болып жетілетіндіктерін анық байқады.

Осы жиын барысында жоғары белсенділік танытқан 10 «а» сынып оқушысы Айзат Шыңғысбай, 10 «а» сынып оқушысы Ерганаз Разметолла, 10 «ә» сынып оқушысы Бекет Әлдібай және 10 «ө» сынып оқушысы Самат Мұхан есімдерін ерекше атаған жөн.

Далалық әскери оқу-жаттығуы жиынынан оң әсер алған жас жеткіншектер көтеріңкі



көңілмен сапқа тұрып, әскери бөлім аумағынан «Мен қазақпын!» атты әскери-патриоттық әнін әуелетіп аттанып кетті. Мектеп оқушыларын 06708 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары майор С.С. Юсупов шығарып салды.

Тілек Алшымбекұлы, ҚР ҚК азаматтық персоналы, 06708 әскери бөлімі



## АЙ ДИДАРЛЫ АРМАНЫМ

Қасиетті Рамазан айының басталған күні тауелібайлықтарды жақсы жаңалығымен қуанып тастағаны рас. Осы қуанышты Приозерск қаласындағы өлеңсүйер қауым және жерлестермен газетіміз арқылы бөлісуді мақсат етіп, сүйінші сұрамақпын. Сезімге толы өлең-жырларымен республика жұртшылығына танымал болып үлгірген, қазақ тыңдарманы тән алған эстрада әншісі Асқар Жүнісбековтің орындауында жарқырап шыққан патриоттық ән «Жаса, Қазақстан!» мәтінінің авторы, Майкүдік қаласында тұратын ақын қарындасым Айнұр Жаппарқұлова оразаға бірнеше күн қалғанда өзінің шығармашылығы мен мұғалімдік оқыту шеберлігіне байланысты семинар және дөңгелек үстел өтетінін, аталмыш шарадан соң ақындық жолындағы «Ай дидарлы арманым» атты жыр жинағының тұсаукесері болатынын айтып, соған құрметті қонақ ретінде шақыратынын арнайы маған да хабарлаған болатын. Өкінішке қарай, Айнұр ақынның қуанышты сәтіне денсаулық жағдайыма байланысты қатыса алмасам да, телефон арқылы хабарласып, жай-жағдайды біліп отырдым. Семинар, ашық сабақ, шеберлік сағаты мен дөңгелек стол, жыр жинағының тұсаукесері жоғары деңгейде өткенінен мәлімет алдым.

Айнұр Жаппарқұлованың аталмыш ішарасына облыстық, республикалық деңгейдегі білім, өнер мейрамдары мен оның шығармашылығына тәнті болған оқырмандары, Әлихан Бөкейханов атындағы №76

мектеп ұжымы мен әріптестері, алыс-жақыннан келген құрметті қонақтар қатысты. Өнін атақты Шәмші Қалдаяқов, сөзін Қадыр Мырза Әлі жазған әйгілі «Тамды аруы» әнін республика көлеміне танытқан қазақ эстрада жұлдызы Гүлмира Ақүрпекова арнайы келіп Айнұр ақынды құттықтап, әннен шашу шашқаны шара қатысушыларына үлкен әсер қалдырды. Ішара соңында ақын қыз көпшілікке арнаған жүрекжарды пікірін былайша жеткізді:

—Менің өміріме шуағын шашып, жүрегіме жылуын сыйлаған, қуанышымды бөліскен әрқайсыңызға айтар алғысым ерекше. Кешегі күннің керемет әсерінен әлі де арыла алмай отырмын...Баршаңызға ораза қабыл болсын, Алланың нұры жаусын! Менің көңілім үшін Алматыдан келген Гүлмира Ақүрпекова әпкем кештің жарқырай түсуіне үлес қосты. Көгермен тік тұрып қарсы алды. Кітабымның шығуына өзінің эппақ пейілімен көмектескен Әлім Тәуенов ағама айтар алғысым шексіз. Қали Жолдасов ағама да мың алғыс! Өттен екеуі де келе алмай қалды... Жүрегімдегі қуанышымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бекзат Алтынбеков ағам келгенде қалай қуанғанымды жеткізе алмаймын. Экраннан көрсетуге қолғабыс етіп, көмек көрсеткен Берік Дүйсетәев, Ерлан Құсайын ағаларыма ерекше рахмет айтқым келеді. Менің ақылшым, қамқорым, тілеуқорым Есжан Амиров. Есжан ағамның менің өмірімдегі, осынау кештегі орны ерекше! Өзі келе алмағанымен, жан-



жақты көмегін аямаған Есжан ағама Алла нұрын жаудырсын! Сәбит Сейітұлы, Тлеуғалы Әміртайұлы, менің жаным жақын, тіл жанашыры Газиза Ғабдоллақызы әпкем, Айгүл Әбілтайқызы, Ошақбай Суханберлин, сонау Степногорск қаласынан әдейілеп келген Оспан ағама, Теміртаудан келген Абай ағам, Руза әпкем, Оңдасын ағама, Әнуар Жанахан, Ғани достарым және мен үшін жүгіріп жүріп қызмет қылған достарым, әріптестеріме Алла разы болсын! Осы семинарды, кешті ұйымдастыруға мұрындық болған Абдикерова Бақытгүл әпкем, Гүлназ Бекетовнаға, жалпы Оқу

әдістемелік орталығы, қалалық білім бөліміне алғыс айтамын! Соңына дейін менімен бірге жүріп, қонақтарды күтіп, тік тұрып қызмет жасаған Сандуғаш Хасенова әпкем, Эльмира Сайлауқызы сіңлім мен Бәкеме Бағдат Мүбәрәкка мың алғыс! Тілеген Әділов, Ерболат Қуатбеков, Жәлел Қуандықұлы, Қайрат Иманбеков, Нұрхан Нұрмахановтарға алғысым шексіз. Нұрмұхамед Байсүгіров пен Мұхтар Әділов шәкірттеріме өте ризамын! Менің қамқоршыларым ата-анам, туыскандарым, бауырларыма рахмет! Әрқайсыңыздың алдыңызда басымды иіп тұрып алғыс айтқым келеді. Алла оразаңызды қабыл етіп, жүрегімізді жақсылыққа, адамгершілікке толтырсын! Алла Отанымыз бен отбасымыздың амандығын берсін!

Сонау Тауелібай топырағынан жаралып, сол жақтың тағылым-тәрбиесінен қуат алып, жыр өлкесіне рухты да сезімтал өлеңдерімен соны жол сала келген, тарихи Отанына арманын арқаланып, үкілі үмітін үлбіретіп жеткен Айнұр ақын бүгінде дүйім қазақты жырымен сусындатқан, өлеңімен мойындатқан арқалы да, сыршыл ақындардың арасынан өз орнын ойып тұрып алды. Жерлесім, қарындасым әрі әріптесіміз Айнұр Жаппарқұлованың алдығы шығармашылық өмірі мен жолына сәт сапар, ақ жол тілейміз біз де өз тарапымыздан!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.  
Суретте: А.Жаппарқұлова  
кешінен көрініс.

### Дөңгелек үстел

## «ІШКІ ЖӘНЕ ҚАРАУЫЛДЫҚ ЖАРҒЫ ҚАҒИДАЛАРЫН БҰЗУ ҚЫЛМЫСТАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ»

Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінде 2016-2018 жылға арналған «Әскерде қылмысқа орын жоқ» бағдарламасы негізінде «Ішкі және карауылдық жарғы қағидаларын бұзу қылмыстары мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға» арналған онкүндік іс-шарасын талқылауға бағытталған «Дөңгелек үстел» жиналысы өткізілді.

Іс-шара барысында әскери бөлімдерде ішкі және карауылдық жарғы қағидаларын бұзу қылмыстары мен құқық бұзушылықтарды алдын алуға арналған мәселелер талқыланды.

«Дөңгелек үстел» жиналысында жарқын мысал ретінде 2016 жылы Ақтөбе қаласында әскери бөлімде орын алған ланкестік қарулы шабуыл жасағаны жөнінде оқиғалар туралы айтылып, осындай қоғамда орын алған ланкестік жағдайларға қарсы әрекет ету іс-шараларын тиісті деңгейде ұйымдастыруға назар ауда-



рылды.

«Дөңгелек үстелге» қатысушылар өзара пікір алысып, ішкі және карауылдық жарғы қағидаларын бұзу қылмыстары мен құқық бұзушылықтарды алдын алуға арналған кейбір мәселелері талқыланды.

С. Жүсіпов,

Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің бастығы, әділет майоры

### Алдын алу басты назарда

## «ЖАС САРБАЗДАР» АЙЛЫҒЫ ЖАЛҒАСУДА

2016-2018 жылдарға арналған «Әскерде қылмысқа орын жоқ» бағдарлама негізінде 2018 жылдың мамыр айында Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің қызметкерлері «Жас сарбаздар» айлығын өткізуде.

Приозерск гарнизонының әскери бөлімдеріне өздерінің Отан алдындағы конституциялық борышын өтеуге келген жас сарбаздармен бағдарлама негізінде қылмыс пен құқық бұзушылықты алдын алу про-филактика іс-шаралары жүргізілуде.

Сонымен қатар, қашқындық және бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету, сондай-ақ әскери қызметті атқарудан жалтарту немесе бас тарту және әскери қызметшілердің арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасында өзара қарым-қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзу бойынша қылмыстық жауапкершіліктері жеткізілді.

Сонымен бірге, өзіне өзі қол жұмсау жағдайлары бойынша алдын

## ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ

Елбасымыздың «Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қоғамдық тәртіпсіздіктерге нөлдік төзімділікті қалыптастыру, кез келген ұсақ құқық бұзушылықтардың жазасыз қалмауына, мәдениетсіздік пен бассыздыққа жол бермеуге баса мән беріп, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне жауапты міндеттер жүктеген болатын.

Осы орайда, Приозерск гарнизоны әскери полиция бөлімімен ай сайын жоспарлы түрде қалалық Ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен бірлесе отырып, қала көлемінде орын алған ұсақ әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттерін алдын алу мақсатында, атап айтқанда жаяу жүргіншілерге белгілен-беген жерден жолды кесіп өтуді, көшелерде қоқыс тастау және басқа да қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға адамның қадірқасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын масаң күйде келу, жекелеген қоғамдық орындарда темекі шегуге тиым салуды бұзу және қоғамдық тыныштықты бұзу жәйттерін анықтау,

алдын алу шаралары атқарылуда.

Сонымен қатар әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің талаптары ай сайын бекітілген жоспарға сәйкес, Приозерск гарнизонының әскери полиция бөлімі халықтың игілігі және әскери қызметшілердің мәртебесі үшін қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу, тұрғын жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындары, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленген орындарда коммуналдық қалдық шығару, жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын, төңірегіндегілерді сыйламаушылықты білдіретін басқа да ұсақ бұзақылық әрекеттерге жол бермеу, анықтау, ескерту туралы алдын алу шараларына, әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің қатысуымен, гарнизон ауқымында конференциялар өткізіліп әкімшілік құқық бұзушылықтарды алдын алу бойынша жұмыстар ұдайы жүргізілуде.

Ж. Айдынбеков,  
Приозерск гарнизонының әскери полиция бөлімінің әкімшілік тәжірибе офицері, әділет аға лейтенанты

алу іс-шаралары жүргізілді.

Сондай-ақ жас сарбаздармен жеке-тәрбие жұмыстарын жүргізіп, жас сарбаздарды заңдармен, жалпыәскери жарғылармен, басқа да нормативтік құқықтық актілермен және командирлердің (бастықтардың) бұйрықтармен белгіленген ережелерді қатаң

және нақты сақтауға шақырды.

С. Жүсіпов,  
Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің бастығы, әділет майоры

### АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНЕН

#### ОН ТӨРТІНШІ СӨЗ

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар - жүрек ісі. Асықтық та - жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады.

Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көңілш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау - ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры - өншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

# ТҮЙЕ – ШӨЛ КЕМЕСІ

Жер апшысын қуырған жүрдек поез жүйткіп келеді. Көкшетау-Қызылорда бағыты бойынша ұзақ сапарға қатынайтын поезде уақыт өткізудің қолайлы тәсілі кітап, газет-журнал оқу немесе әңгімешіл кісілермен жолдас болу. Бүгінгі заманның жол көлігінің ішіндегі ең тиімдісі осы поез екені даусыз. Купедегі серіктерінің жақсы адамдар болғаны бәрінен ғажап. Қаладан шығып Мыңарал ауылына таяғанда жол бойында беймарал жайылып жүрген қарасы мол түйеге көзім түсті. Жайсын жайылған жануарлардың шудалары неткен жарасымды еді. Өңкей қос өркешті буралар мен інгендер екен. «Баяғыда «Шөл кемесі» атанып, ата-бабаларымыз көш көлігі ретінде пайдаланған жануарлар бүгінде сүті, еті, жүні үшін ғана пайдаланылатын өндірістік шикізатқа айналып шыға келді. Түйенің қадір-қасиетін де білмеуге, тіпті одан айрылуға шақ қалдық-ау?!», - деп өкінішті білдіре әлі танысып үлгермеген, қарсыма отырған, жасы жетпістің үстіндегі ағаға қарадым. Ол кісі де терезеге үнсіз үңіліп отырған болатын.

–Бұл жаққа көшіп келіп, орныққаным ширек ғасырға жақындап қалды. Алайда айналының біразын араласам да, қос өркеш түйден басқа тұқымды көре алмадым, – деп әңгімені әрі жалғауға ниетті екенімді сездірмек ниетпен орныма жайғасып, сұраулы жүзбен қарадым. Бейтаныс ағаны осынау арқаның адамы екен деп топшылап отырғандықтан солай дедім. Түр-әлпеті мен киім киісіне, әжім шырламаған келбетіне, байсалды отырысына қарағанда кезінде лауазымды қызмет атқарған, зерделі жан болар деп топшылап қойдым іштей.

–Бұл жақтың тұрмыс-тіршілігі мен мал шаруашылығынан онша хабарым жоқ, – деп әңгімесін бастаған ағам өзінің Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы екендігін айтып өтті.

–Қазір Астанада тұрамын. Зейнеттемін. Ел жаққа барып өлген-жіткенді түгендеп, той-томалағына құтты болсын айтып қайтуды мұраттап сапарға шыққан жайым бар, інім. Менің мамандығым малмен, жаңағы өзің айтқан түйе шаруашылығымен тікелей байланысты. Зоотехникпің. Ғылыми атақ алмасам да, түйе жануарды көп зерттеген жайым бар. Ішін пьспаса, сол жайында айтып бере аламын, – деп оң жағына шынтақтай жатқан ағам таңдауға деген құлшынысымды білдіре ілгері қозғалып, әуелі өз есімімді атадым. Сарышаған станциясының шығыс жағындағы Приозерск деген әскери қалашықта тұратынымды, мамандығым журналист екенін айтып қысқаша таныстырып өттім. «Мен Шорабай деген аға болармын», - деп қысқа қайырған Шөкеннің түйе малына байланысты хикаясы жалғасып жүре берді. Өңгімені мейлінше қысқартып беруге тырыстым.

Түйенің қолға үйретіліп, түлік қатарына қосылғанына біздің дәуірімізге дейін бес мың жыл шамасындай мезгіл болған. Міне, содан бері өткен жеті мың жылдай уақыт ішінде түйе шөлейт жерді мекендеген елдің ең қолайлы көлігіне айналды. Түйенің негізгі шыққан жері Солтүстік Америка деп саналады. Қазіргі уақытта түйенің бұл түрлері Африкада, Орта Азия, Батыс Азия мен Батыс Америкада да болған. Негізгі түйенің екі түрі бар. Мұның біреуі қос өркешті, екіншісі нар (жалғыз немесе сыңар өркешті түйе). Қос өркештің таза қандысын – бактриан, нардың таза қандысын – дромадер деп атайды. Түйенің күйіс қайыратын басқа жануарлардан бір айырмашылығы, үстіңгі жақ сүйегінде екі күрек тіс болады, өт қабы жоқ. Жыныстық жағынан 2-3 жылда жетіліп, бірақ інгенін қайытуға 3-4 жасында қосады. Бураны келеге 5-6 жастарында түсіреді.

Жасында жақсы бағылып, күтілген түйе қыстық азығын денесі мен өркешіне жияды. Қыста ұзақ шөп жемей, су ішпеген кездерінде сол бойындағы жинаған маймын күнелтетін де қасиеті бар. Күші жағынан ол ат пен өгізден әлдеқайда мықты. Қос өркешті түйе (інген) бірінші қантардан сәуірге дейін шағылысатын

болса, нар түйе (мая) қантардың бірінен мамырға дейін шағылысады. Бураның күйі келен кезінде, бір айға дейін от оттап, су ішпей қатып, жарап алады. Ол әбден бабына келген соң аузынан ақ көбігін шашып, шайырланған желкесін иығына соғып, артқы екі санының арасын құйрығымен есілі-қарсылы сабалап, тыныш тапнайды. Мұндай бура кісіге қарай айбат шегеді. Ол кездері өте қауіпті болады. Осындай кісі алатын бура жарамастан он күн бұрын аузына темірден құрсау салып, байлап



қойылады. Бұл салынған құрсау бураның шабыты қайтқан кезінде ғана аузынан алынып, байлауынан босатылып жіберіледі. Жақсы нардың үлегі отыз түйеге дейін шегетін болса, қос өркешті түйенің бұрасы жиырма түйеге дейін қайытады (күектен шығарады). Қайылған қос өркештінің інгені он төрт айда боталайтын болса, нардың маясы он үш айда боталайды. Боталы түйе күніне он екі рет сауылады. Түйенің сүтінен шұбат ашытылады. Ол адамның денсаулығына бірден-бір пайдалы. Түйе жүні сауір, мамыр айларында күзеледі. Түйе ботасын он бес, он сегіз ай емізеді. Екі жылда бірақ рет боталайды. Асыл тұқымды түйе отыз-қырық жасқа дейін жасайды.

Түйе қазақтың көшіп-қонуы мен қара шаруасы үшін ертеден-ақ пайдалы көлік екені даусыз. Түйе жолсыз шөл жерлерде жүретін «қара жердің алып кемесі» атанған күшті, шөлге шыдамды, сенімді көлігіне айналған. Халқымыз түйені өскен жеріне, өсірген еліне, берген кісінің атына, тұқымдарына, күшіне, дене бітісіне, түсіне, бас, құйрық, өркешіне, жасына тағы басқадай ерекшеліктеріне қарай әр түрлі атаған. Ежелден мал өсіруді етене кәсіп қып кеткен халқымыз түйе шаруашылығын өркендетуде де тұқымына, күштілігіне, түсіне қарай оны төмендегідей екіге бөліп айтатын болған. Жалғыз өркешті және қос өркешті түйе. Жалғыз өркешті түйе, мұның өзі екіге бөлінеді: Жалғыз өркешті ұрғашы нар түйе, яғни аруана. Жалғыз өркешті еркек нар түйе. Қос өркешті түйе де екіге бөлінеді: Қос өркешті інген түйе және қос өркешті еркек түйе. Бұл –бура. Бұлардың өзі қос өркешті түйе мен жалғыз өркешті түйенің өзара шағылысуына байланысты мая, нармая, нарқоспақ, қоспақ, жөң, жөң мая, итарқа болып бөліне береді. Осының ішіндегі ең тазасы ұрғашысында АРУАНА және ИНГЕН, еркегінде ҮЛЕК және БУРА болып саналады. Араластан туған әлгіндей атаулы түйенің еркегі жараған кезде өте қауіпті, адамға шабатын, тіпті жазым қылатын болғандықтан оларды бота кезінде пішіп, ақталп тастайды. Еркек түйедігі ең мықты түйе атан деп аталады. «Атан жолында жүк қалмас» деген мақал содан қалған.

Түйенің аса құнды шикізатының бірі оның жүні. Ол аса жұмсақ, жылы және қасиетті саналады. Оның өзін қазақ бөліп қарастырады. Ит жүн ботаның жас кезіндегі бірінші дене тү-

гінің ит жүніне ұқсас үлпілдек, жұмсақтығына қарай қойылған. Түйе жабағы түйенің қысқы жүнінің тығыздалып, жабыса ұйысқаны. Боздақ түйенің күзелгеннен кейінгі жазға қарай жаңа шыққан селдір, жұмсақ, ұлпа жүні. Өлі жүн түйенің қысқы жүнінің жазға қарай түспей жүргені. Тірі жүн түйенің жазға қарай қысқы жүнінің астынан шыға бастаған жаңа жүні мен қыркылғаннан кейінгі өскен жаңа жүні. Шуда түйенің өркеші мен желкесінің, қолдауы мен мойнының (тамағының) астын ала шыққан ұзын қылшықтары, сондай-ақ қылшықты жүн-

дері. Көтерілген жүн түйенің жазғытұрым қысқы (ескі) жүнінің астынан жаңа жүн шығып, ескі жүннің көтеріліп жүндеуге жарағанын білдіреді.

Түйенің бітісіне қарай айтылатын атаулар: Өркеш түйенің арқасындағы тік тұрған жал майы. Тік өркеш қисаймай, тұзу тұрған семіз түйенің өркеші. Жуан өркеш семірген түйенің өркешітүбінен жуандап, қомдана келген, өте майлы үлкен өркеш. Жапырық өркеш өмірі көтерілмей, бір жақ бүйіріне қарай қисайып жабыса жатқан өркеш. Бала өркеш семіз түйенің баладай болып тік тұрған өркеші, мұны кейде тік өркеш дейді. Қаусырма (алмас) өркеш. Айыр өркешті түйенің екі өркеші бір жағына қарай қисаймай, екі жағына қайшыланып, қисайып кеткен өркеші. Құлама өркеш бір жағын ала құлай қисайып жатқан өркеш. Жал өркеш таудай боп семірген нардың үлкен, жуан өркеші. Қалақ өркеш жұмыр, жуан өркешті болып екі жақтанып шықпай, тек көлденеңі шыға біткен жұқа өркеш. Соқпа өркеш, ұзын өркеш, бір жағына қарай жығыла біткен өркеш. Мұндай өркеші бар түйенің жығылған өркешінің астына, денесіне батпайтын, жұмсақтау нәрсені көтерме қойып, осы жағына жүкті ауыр салмай, тұзу өркеш жағына жүкті ауырлық салып, қысық өркешін осылай түзеуге болады. Бірақ, мұндай өркештердің бәрі бірдей түзеле бермейді.

Ғылыми дәлелденген әр малдың ерекшелігіне қарай аурулары мен емдеу жолдары, дәрі-дәрмегі де бөлектеніп тұрады. Түйеде кездесетін аурулардың қазақы атаулары: Мүйізгек. Бураға қайыса да, боталамайтын інгеннің бота шығатын жерінің іш жиегінде болатын шеміршек ауруының аты. Су ауруы. Су тасыған жылы, сулы, сазды, дымқыл жайылымды жерден пайда болатын жұқпалы аурудың аты. Бұл ауру көбінесе шыбын-шіркей, маса, сона және өте ұсақ қара шыбындар арқылы таралады. Осы аурумен ауырған түйе жайылымнан қалып, оттап, су ішпейтін дәрежеге жетеді. Ақ бас (қысаға). Түйеде болатын өте жұқпалы жаман аурудың аты. Түйенің бұл ауруы қотырға ұқсас келеді. Бұл ыстық-суықты, демін алдырмай жіберуден барып, ет пен терінің арасын сарысу алып, ірің пайда болатын қыштықш ауру. Бұл ауру қойдың көнтақысы сияқты. Көбінесе түйенің басында, мойнында болады да, ақ ірің ағады. Бұдан түйе өте қатты қышынады.

Мұндай ауру түйені басқа сау түйеден бөліп бағуды, жабу, шом, бұйда жіпті араластырмауды керек етеді. Ақшелек түйе жілігінің іші кеңейіп, майының суға айналып ауыруы. Қышыма жүдеген түйенің денесіне түскен қотыр. Қапна түйенің шөп жеп, жайылуын кемітіп, аштан қатырып, жіңішкертіп барып, өлтіретін аурудың аты. Құмыр түйенің мұрын құрты. Қыстан өте арықтап, қалжырап шыққан түйе, көктемде танауынан мұрын құртын қатты ышқынып, пысқырып тастауына шамасы келмегендіктен пайда болатын ауру. Шау, немесе шаулау түйенің 25 жасқа келгенін немесе бұл жастан асып еріншек тартып, буынына сарсық (сары су) пайда болып ауыруы. Қара өкпе түйенің жөтеліп ауыратын ауруы. Түйенің бұл ауруы жылқының қараөкпе болып ауыратын ауруы сияқты. Жылқыға қараөкпе неден пайда болатын болса, түйеге де содан пайда болады. Түйенің оның ішінен қан өткізіп ауыратын ауруының аты. Түйенің өлген түйенің етін жемейді, итке де жегізбейді, әрі шыбын қонып, басқадай жәндіктер арқылы малды дертке шалдықтыруы мүмкін. Сондықтан жерді терең қазып, ноктасымен көміп тастайды. Орнында қалған шөбін, тұрған орнын өртеп жібереді. Түйелерге түйнек білінісімен суат ауыстырып, жұрт жаңартып қонады. Малы түйенімен ауырмаған ауыл, мал өлімі аурудың өрісі мен жұртына, суатына араласпайды. Сол малы ауырған елмен, ауылмен қашан мал өлімі тыйылып, жазылғанша ешбір қатынас жасамайды. Аусыл түйенің аузы уылып, сілекейі шұбатылып ауырған аурудың аты. Бұл ауру ашы жемегендігінен болады. Түйе аяғынан да аусыл болып ауырады. Аусыл болып аяғынан ауырған түйенің табаны ісіп (оны қазақ «дүңкіген» деп атайды), бақайының арасы жара болады. Қоскіндік (қосқандық) жас ботаның кіндігінің біреу болмай екеу болып ауруының, не кіндік түбі ісіп іріңдеп ауруының аты. Бұдан жас боталар көп өледі. Бұл ауру жас боталарға дымқылды орындардан пайда болады. Мұндай аурудан жас ботаны аман сақтау үшін ботаның тұратын орнын таза, құрғақ ұстау керек. Ботаның тұратын орнын күніне құрғатып, төселетін шөпті жаңадан салып отыру керек. Шешек түйенің денесіне бөртіп, іріңдеп шығатын аурудың аты. Бұл ауру, көбінесе, жас түйелерде болады. Көмей құрт түйенің ашы жемегендігінен пайда болатын көмей ауруының аты.

Енді манағы сауалыңа оралсақ, түйе негізінен ыстық ауа-райлы өлкелерден тарағандықтан арқаның суық климатына көбісі шыдас бере алмайды. Бағанғы көрген қос өркешті түйелердің бұл жақтың суық, аязды, боранды климатына үйрету үшін адамдардың қағшама еңбегі мен ғалымдардың білімінің нәтижесі деп есепте. Бұл жақтың қысына жүні мен терісі қалың, табаны бүрлі айыр өркеш түйе ғана сіңісе алатынын осыдан бағамдай бер. Жалғыз өркешті түйе біздің оңтүстіктің жылы ауа-райына қалыптасқан. Олар Сарыарқаның суығына бір күн де төзе алмайды. Түйе малының еті, сүтін қазақ тағам түрлері ретінде пайдаланса, жүні мен терісін киімге, түрлі бұйымдардан – ыдыс-аяқ, аспаптардан, киіз үй жабдықтарына, кереге көктеуге кеңнен қолданған. Оның шұбаты түрлі ауруларға ем екендігі бүгінде ғылыми дәлелін тапты. Қазақ түйені киелі, иелі мал санап, түліктің төресі деп бағалайды. Осындай құндылықтарымыздан алшақтап бара жатқанымыз қазақтың бағы ма, соры ма?..

Түннің бірауағына дейін жалғасқан әңгімеден түйіп алғанымыз осылар болды. Әрбір қазақ баласы білуге тиіс деректі газет оқырмандарына жеткізуді парыз санағандықтан қазаға түсіріп, ұсынуды жөн санадым. Ал, Шымқалаға жеткенде өмірден көріп-білгені көп ағаман қимай қоштастым. Бізге берері көп қазыналы қарттарымыз аман болғай!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі





## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



## ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



**“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16**

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

**“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53**

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Акіма города Приозерск” 5-41-53**

График приема граждан: Акім города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

**«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны нөмірі: (871039)5-32-45**

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45**

График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов

**“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жөлаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57**

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ**

**сенім телефоны: 5-32-48**

**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов

**“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

**Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92**

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99**

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99**

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов

**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.**

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов

**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ –нің сенім телефоны 5-29-62.**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.**

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.

**“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

**Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87**

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

## ИТОГИ КАМЕРАЛЬНОГО КОНТРОЛЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК ЗА 2017 ГОД

Департамент внутреннего государственного аудита по Карагандинской области уполномочен на контроль в сфере государственных закупок в соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» и Законом о государственных закупках.

Превентивная форма контроля, которая направлена на своевременное пресечение и недопущение нарушений в государственных закупках это камеральный контроль, проводимый без посещения объекта посредством данных информационных систем. Его преимущество в том, что объекту государственного аудита предоставляется право самостоятельного устранения выявленных нарушений, что освобождает его от предусмотренной ответственности и снижает административную нагрузку.

Камеральный контроль проводится только по определенным направлениям на всех стадиях закупок, с момента опубликования документации до итогов государственных закупок.

На сегодняшний день наиболее эффективным в камеральном контроле является первое направление, когда изначально в документации предусматриваются необоснованные требования, что в дальнейшем ставит под угрозу всю процедуру закупки.

За 2017 год на начальной стадии приведено в соответствие документов по 2167 лотам. Приведены в соответствие 66 процедур предварительного допуска. Пересмотрено и отменено итогов по 478 лотам.

В целях ограничения среды, которая может создать условия для необоснованного вмешательства, Департамент с июня 2017 года прекратил осуществление камерального контроля на стадии подведения итогов государственных закупок, за исключением тех, в которых допущен единственный потенциальный поставщик с наибольшей ценой.

Всего за 2017 год направлено 2100 уведомлений на общую сумму нарушений 66,7 млрд.тенге, которые исполнены в полном объеме. Также Департаментом рассматриваются обращения потенциальных поставщиков не согласных с решением конкурсных комиссий, заказчиков и организаторов государственных закупок.

Сегодня почти каждая крупная закупка обжалуется. Этому способствует возможность взаимного просмотра документов и возможность приостановить процедуры до принятия окончательного решения.

За 2017 год в адрес Департамента поступило 1314 обращений от потенциальных поставщиков не согласных с решением конкурсных комиссий либо заказчиков государственных закупок, из которых:

- подтвердилось 526 обращений - 40% от общего числа поступивших обращений
- частично подтвердилось 348 обращений – 25% от общего числа поступивших обращений;
- не подтвердилось 387 обращений – 29% от общего числа поступивших обращений;

В связи с несоответствием статьи 47-48 Закона РК «О государственных закупках»- 21 возвращено заявителю, 32 перенаправлено в уполномоченный орган.

Основными видами нарушений остаются неправомерное отклонение заявок потенциальных поставщиков, неправомерное применение критериев, дающих преимущество в цене и т.д.

Департамент внутреннего государственного аудита по Карагандинской области

## Пресс-релиз

## СПУТНИКОВОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ «ОТАУ TV» ЗАПУСТИЛО ДЛЯ ТЕЛЕЗРИТЕЛЕЙ НОВЫЙ ПАКЕТ «ОТАУ+»

**Национальный оператор АО «Казтелерадио» в сети спутникового телевидения запустил новый пакет «ОТАУ+», с включением зарубежных телеканалов в отличном качестве.**

Дополнительно к 66 бесплатным отечественным теле- и радиоканалам, подключившись к новому пакету, зрители получают доступ к 14 зарубежным разножанровым телеканалам. Стоимость пакета будет составлять 500 тенге в месяц.

Пакет «ОТАУ TV+» включает следующие дополнительные телеканалы: «РТР Планета», «Рен ТВ интер», «Домашний», «СТС», «Мама», «Мульт», «Cartoon Network», «Amedia-2», «Дом кино», «Cinema», «Bollywood» «Россия 24», «Здоровое ТВ» и «Музыка Первого».

Напомним, в спутниковом телевидении «ОТАУ TV» вещается 66 отечественных теле,- радио каналов, в пакете «Бесплатный» (без абонентской платы) в SD и HD форматах.

Для получения доступа к платному пакету не потребуется установка дополнительного оборудования, или проведение дополнительных монтажных работ.

«ОТАУ TV» Спутниковая сеть вещания АО «Казтелерадио» обеспечивает 100% охват территории Казахстана, где каждый житель любого населенного пункта страны имеет возможность получения услуги непосредственного приема спутникового вещания. В рамках заключенного соглашения с ТОО «TV Commerce» проведены технические мероприятия, с осуществлением подъема зарубежных телеканалов, с использованием инфраструктуры АО «Казтелерадио», с возможностью просмотра «Базового пакета» бесплатно - 66 канала и платного пакета «Премиум» 76 каналов, а также пакет «VIP» 4 канала (в их составе 20 каналов формата HD).

Пресс-служба  
Министерства информации и коммуникаций

### СЧИТАТЬ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Диплом ТКБ № 0257438 о техническом и профессиональном образовании, выданный 29 июня 2012 года на имя Жортарова Илиаса Амандыковича, колледжом АО «Центрально-Казахстанский институт технологии и менеджмента», в связи с утерей.

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г. Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107. Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор) E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 21/561. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2,8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А. Технический редактор: Струментов А.В. Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63 Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.